

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

1

---

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2016

ҚАҢТАР  
ЯНВАРЬ  
JANUARY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Моход Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**M. Zh. Zhurinov**,  
academician of NAS RK

Editorial board:

**N.A. Aitkhozhina**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

**E.P. Velikhov**, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 1991-3494**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

## CONCEPTUAL ASPECTS OF THE NOTION OF ENTREPRENEURIAL CULTURE

A. T. Abdiramanova

Kyzylorda state university of Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

**Keywords:** post-industrialism, entrepreneurship, entrepreneurial culture, manufacturing, small and medium business, labor, agriculture, economic culture.

**Abstract.** The involvement of the global crisis has a greater impact on the internal situation of individual countries. The economic sphere is particularly sensitive to all sorts of transformations. The ability of each state to confront such challenges is determined by its economic and financial potential. Recent economic turmoil includes not only financial, but also the manufacturing sector. Economic imbalance leads to social instability. In order to prevent such consequences, each country, including Kazakhstan, has to develop medium and small businesses, to form its own national business culture. This requires rethinking of some cultural aspects of the entrepreneurial culture.

ӘОЖ 1:338.22(574)

## КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

A. T. Әбдіраманова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан

**Тірек сөздер:** еңбек, кәсіпкерлік, кәсіпкерлік мәдениет, орта және шағын бизнес, өндіріс, постиндустриализм, шаруашылық, экономикалық мәдениет.

**Аннотация.** Қазіргі уақытта ауық-ауық қайталанып отырған жаһандық дағдарыс әр елдің ішкі жағдайына өзінің үлкен ықпалын тигізіп отыр. Әсіресе, әр алуан трансформацияларға экономика саласы барынша сезімтал екендігін көрсетуде. Кез келген мемлекеттің мұндай қатерге қарсы тұра білу қабілеті оның экономикалық және қаржылық қуатымен айқындалады. Қазіргі қаржылық-экономикалық дағдарыстар қаржы секторынан асып өтіп, өндіріс саласына өтіп кетуде. Экономикадағы дисбаланс әлеуметтік тұрақсыздық құбылыстарына да әкеледі. Әр мемлекет, оның ішінде Қазақстан мұндай салдарлардың алдын алу үшін өзінің өндіріс саласын, оның ішінде шағын және орта бизнесі өрістетіп, ұлттық өзіндік кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыра білуі керек. Бұл болса, кәсіпкерлік мәдениеттің кейбір мәдениет танымдық астарларын қайта пайымдауды қажет етеді.

Мәдениет ұғымының өте күрделі феномен екені белгілі, алайда қазіргі постиндустриалдық ақпараттық қоғам тұсында экономика (шаруашылық жүргізу) саласындағы мәдениеттің «қызметін» зерттеу жағдайында бұл мәселе тағы бір қырынан тереңдей түседі. Соңғы уақыттардағы экономикалық жаһандану үдерістері бүкіл планетаны қамти бастаған кезеңде мәдениеттің мәні мен мазмұны, қоғамның дамуына ықпал ету тетіктері түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Экономикалық мәдениет - бұл жалпыадамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ол экономикалық игіліктерді қалыптастыру үшін, адам мен жалпы қоғамның дамуы үшін қажет теориялық және практикалық білімдердің шаруашылық нормаларының, құндылықтар мен рәміздердің (символдардың) жиынтығын білдіреді. Индустриалдық қоғам жағдайында экономикалық мәдениеттің аталған құрамдас

элементтері сыртқы ықпалдың әсерінен өзгеріске түспейтін тұрақты параметрлер ретінде қабылданды. Бұл бір жағынан, экономикалық мәдениеттің әртүрлі деңгейлерін: бұқаралық сананы, басқарушылар мен шенеуніктердің экономикалық мәдениетін, теориялық экономикалық мәдениетті қамтыса, ал екінші жағынан - оның әрқилы түрлерін: жеке адамның экономикалық мәдениетін, кәсіпорын мен мекеменің және жалпы қоғамның экономикалық мәдениетін қамтыды. Индустриалдық өркениет тұсындағы мұндай экономикалық мәдениет өлі ағзаға немесе жабық жүйеге ұқсас болды, экономикалық кроссмәдениеттің өрісі тар болды, оның әлсіз импульстары ұлттық экономиканың да, әлемдік экономиканың да дамуына әсер ете алмады.

XX ғасырда модерн дәуірі постмодернизммен, индустриалдық қоғам постиндустриализммен алмаса бастады. Постмодерн тұсында экономикалық мәдениет пен оның құрылысы ішкі және сыртқы ықпалдардың (факторлардың) әсерімен оның әрбір құрамдас бөліктері ескісін жаңартып өңдеп, жетіле түседі, өзінен көне догманың «жамылғысын» сыпырып тастайды. Экономикалық постмодерн-мәдениет индустриализмге тән догматтық-диктаторлық амбицияны (өзімшілдікті) теріске шығарып, бұрынғы монопарадигмалық жағдайдан түбегейлі жаңа орталықсыздандырылған калыпқа өтті және ол жетілген плюралистік мультимәдениетке негізделді.

Постмодерннің таралуы барысында қоғамның өмірқамының барлық саласы, тек ұлттық және әлемдік экономика емес, экономикалық мәдениет те өзгерістерге ұшырайды. Социумның бірігушілік (интеграциялық) қасиеттері жинақталғанымен қатар, бүкіл адамзаттың ғана емес, жеке индивидтің де болмысындағы әлеуметтік-экономикалық шығармашылыққа кең жол ашылады.

Жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтың бастауында постиндустриалды ақпараттық қоғамға өту барысындағы осындай трансформациялық процестер нәтижесіндегі ғаламдық өзгерістер мен әлемдік үрдістерден қазақстандық қоғам да тыс қала алмайды. Қазақстанның нарықтың экономикаға өтуі бұрынғы жоспарлы әміршіл-әкімшіл жүйеден мұра болып қалған санадағы сарқыншақтардың әсерінен қиыншылықтарға душар болды. Экономикалық дамуы төмен елдерге тән кедейшілік, сыбайлас жемқорлық пен паракорлық, рушылдық, тамыр-таныстық пен жең ұшынан жалғасушылық, бас шұлғушылық, қазына тонаушылық сияқты келеңсіздіктер біздің қоғамымызда да кеңінен етек алды. Бұл, әрине, бір жағынан, экономикалық өсімге социомәдени және институционалдық факторлармен салыстырғанда этикалық нормалардың тікелей ықпал ете алмайтындығымен де түсіндіріледі [1, 6 б.].

Дегенмен қазақстандық үкімет өзге де посткеңестік елдер сияқты экономиканы нарықтық рельске көшіріп қайта құру үшін қажетті бірқатар маңызды шараларды атқарды: мемлекеттік меншікті жекешелендіру, қаржылық, несиелік саясат, құнды қағаздар нарығын құру, жалпы нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру. Өтпелі қоғамда жалпы экономиканы сауықтырудың маңызды факторы және дағдарыстан шығудың ағашқы қадамы кәсіпкерлікті дамыту болып саналады. Сондықтан да үкімет кезек күттірмейтін шаралар қатарына кәсіпкерлік қызметті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін қойды.

Алайда, көптеген ТМД елдерінде әртүрлі нұсқауларға, салықтарға, шектеулерге шыдай алмайтындықтан тек қайта құрылған кәсіпорындар ғана емес, ірі өндірістік алыптардың жабылу қаупі туып, кәсіпкерлік белсенділік төмендеді. Бұл «жағдайлардың себептерінің бірі фирманы тікелей басқару деңгейі мен аймақтың басқару деңгейінің және мемлекеттік деңгейде қамтылған кәсіпкерлікті басқарудың тұтас жүйесінің жоқтығы, сондай-ақ жеке салаларда кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін тиімді механизмнің жоқтығы болып табылады» [2, 3-4 бб.].

Кәсіпкерлік қайдан пайда болды, оның шаруашылық өмірдегі рөлі қандай, оның дәстүрлі мәдениет пен қазіргі өркениеттегі орны қандай деген сұрақтар бүгінгі тұтынушылық қоғам мен мәдениеттану ғылымындағы күрделі мәселелер болып табылады. Бұл мәселелердің дүниетанымдық және концептуалдық түбірі адами қарым-қатынастардың өзгеше бір саласын қамтиды. Экономикалық қатынастар адамдардың өзара қарым-қатынастарының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып саналады. Экономиканың жағдайы адам мен ұжымның, адам мен қоғамның арасындағы қатынастарды айқындайды. Сонымен қатар қоғамдық қатынастар да экономикаға ықпалын тигізеді. Қоғамдағы моральдың нормалары тек жекелеген адамның ғана емес, бүтіндей әлеуметтік ортаға да әсер етеді.

Антикалық заманның ұлы ойшылы Аристотельдің ғылыми айналымға енгізген *экономика* (грекше *oikos* – үй, шаруашылық; *nomos* – ілім, заң ) термині бастапқыда үй шаруашылығын

жүргізу туралы ілімді білдірсе, кейінірек екі мың жылдан астам эволюциядан кейін бұл сөз мынадай негізгі екі мағынаны білдірді: 1) қандай да бір елдің немесе бүкіл әлемнің шаруашылық (сондай-ақ оның бөліктері – кәсіпорынның, өнеркәсіп салаларының, аймақтың) жүргізуі; 2) ұлттық және әлемдік шаруашылықты, оның құрамдас элементтерін (еңбек, тұрғылықты халық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т.б.) зерттейтін ғылыми пән. Бізді мұның алдыңғы ұғымы қызықтырады. Кез-келген шаруашылық әрекеттің мәні мен мағынасы ең алдымен экономиканың басты *функциясы* - адамдардың өмірқамы үшін қажетті *игіліктерді* ұдайы өндірумен тікелей байланысты. Адамдардың қажеттіліктерін өтейтін, олардың мақсат-мүдделеріне жауап беретін бүкіл игіліктерді екіге бөлуге болады: 1) адамзат баласының әуел бастан пайдаланған жаратылыстың табиғи өнімдері (жер, өзендер, орман-тоғайлар, жемістер және т.б.); 2) адамдардың жасампаз өндірістік әрекетінің нәтижесі – экономикалық игіліктер.

Шаруашылық әрекеттің барлық негізгі түрлері (мысалы, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс және т.б.) жетіліп, экономиканың дербес салаларына айналғанша бірнеше мың жыл өтті. XX ғасырда экономика орасан зор материалды және ақшалай құралдар жұмсалатын әлеуметтік саланы да қамтыды. Бүгінгі қоғамда экономика әрбір адамның өмірқамын қамтамасыз ететін күрделі ағзаны білдіреді.

Табиғаттағы заттар мен процестердің қайталанбалы айналымда болатындығы сияқты адамдардың үздіксіз өмірқамын қамтамасыз ететін қоғамдық байлық та мынадай циклді қозғалысты қайталайды: өндіріс – бөлініс – айырбас – тұтыныс. Пайдалы өнімді қалыптастыру процесі *өндіріс* деп аталады және бұл экономика үшін шешуші маңызға ие болады. Кез-келген елдегі адамдардың өмірлік деңгейі ондағы әрбір тұрғын үшін қанша игілік өндірілетіндігімен байланысты. Бұл көрсеткіш әр елде әр түрлі. Мысалы, 1992 жылы АҚШ-та ұлттық ішкі өнім (елде өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының сомасы) әрбір тұрғынға шаққанда 23,3 мың доллардан келді. Бұл кірістің шамасын 100 % деп алсақ, бұл көрсеткіш Германияда - 89%, Канадада - 85%, Францияда - 83%, Швецияда - 76%, Ұлыбританияда - 72%, Ресейде - 28% құрады.

*Бөлініс* құралған байлықтағы әрбір адамның үлесін білдіреді. Бұл үлес бөлініске түсетін игіліктің мөлшеріне байланысты болады. Бөлініс барысында түскен өнімді, адамдардың өзге игіліктерге де мұқтаждықтарына орай, жеке қажеттілікке жұмсап жіберуге болмайды. Мұқтаждықтың нәтижесінде өнімнің бір-біріне алмасу процесі *айырбас* деп аталады. *Тұтыныс* өз қажеттеліктерін өтеу үшін адамдардың материалдық игіліктерді пайдалануын білдіреді. Пайдалы өнім тұтыныс барысында жойылады, сондықтан да оны қайта өндіру қажет.

Адамзаттың бүкіл практикалық тәжірибесін қорыта келе, немістің ұлы ойшылы Гегель мынадай тоқтамға келеді: «Тарихқа терең үнілу бізді адамдардың әрекеті олардың тұтыныстарынан, олардың құмарлықтарынан, олардың мүдделерінен туындайды деп сендіреді... тек солар қана басты рөлді атқарады» [3, 156 б.]. Өндіріс пен тұтыныстың терең ішкі байланысы тұтыныстың өсу заңдылығымен түсіндіріледі. Қазіргі өркениет тұтыныстардың немесе қажеттіліктердің мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: физиологиялық қажеттіліктер (тағамға, суға, ұрпақ жалғастыруға деген қажеттілік); қауіпсіздік қажеттілігі (сыртқы жау мен қылмыстардан қорғаныс, сырқаттанғанда жәрдем күту, кедейшіліктен қорғану); әлеуметтік байланысқа деген қажеттілік (ортақ мүддеге сай адамдармен қатынас, достық пен сүйіспеншілікке деген қажеттілік); құрметке деген қажеттілік (өзінді құрметтеу, өзге адамдардан құрмет күту, белгілі бір қоғамдық беделге деген қажеттілік); өзіндік даму қажеттілігі (адамның мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жетілдіруге деген қажеттілік).

Қоғамның экономикалық прогресі қажеттіліктердің өсу заңдылығына бағынады. Тарихи даму барысында қоғамның қажеттілігі сандық тұрғыда өсіп, сапалық тұрғыда өзгереді. Тұтынушылықтың кейбірі жоғалып, жаңасы пайда болады да қажеттіліктің құрамы өзгереді. Соған сәйкес қоғамдық байлықтың құрылымы, адамдардың өмір сүру деңгейі өзгеріске түседі.

Әртүрлі елдердің шаруашылық өмірінде өндіріс пен тұтыныс арасындағы мөлшерлік пропорцияның негізгі үш үлгісі болады. Регрессивті (латынша regressus – кері қозғалыс) үлгіде шаруашылықтың ұзаққа созылған құлдырауының нәтижесінде тұтыныстың сандық және сапалық көрсеткіші барынша төмендейді. Екінші – тоқырау үлгісінде «өндіріс-бөлініс-айырбас-тұтыныс» тұйық шеңберді білдірсе, үшінші – прогрессивті үлгіде өндіріс сандық және сапалық тұрғыда жетіліп, тұтыныс пен қажеттіліктің деңгейі жоғарылайды. Бұл үрдісті Экономикалық келісім мен даму

ұйымына енген 24 елдің (АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция және т.б.) экономикалық дамуынан аңғаруға болады.

Экономикалық дамудың деңгейі өндіріске енгізілген факторлардың (латынша factor – жасаушы, өндіруші) саны мен сапасына бағынышты болады. Кез-келген қоғамға тән оның мынадай натуралды-заттай түрлері ерекшеленеді.

Бірінші факторға (субъективті) өндіріс үшін қажет білімі мен кәсібі бар *адам* және оның жасампаз күші - *еңбек* жатады. Материалдық өндірістегі еңбек – бұл адамдардың өздері жасаған құралдарының арқасында табиғи нәрселерді өз қажеттіліктерін өтеу үшін бейімдеуге бағытталған мақсатты әрекеті.

Екінші факторға (заттай) – *еңбек құралдары* жатады. Оның құрамына еңбектің табиғи шарттары (мысалы, шаруашылық мақсатқа пайдаланылатын сарқырамалар), жасанды еңбек құралдары – *техника* (құралдар, машиналар, жабдықтар, өндіріс аппараттары және т.б.), сондай-ақ еңбектің *жалпы материалдық шарттары* (өндірістік ғимараттар, каналдар, жолдар және т.б.).

Үшінші фактор - *еңбек* заттары. Еңбек құралдарының көмегімен түрін өзгертетін заттардың жиынтығын екіге бөлуге болады: еңбек қолданылмаған табиғи заттар (мысалы, шахтадағы көмір қабаты, рудниктегі руда) және адам еңбегінің ықпалынан өткен шикізат (руда және көмір қабатынан бөлініп алынып, онан әрі өңдеуге жіберілген шикі материалдар).

Барлық осы факторларды қозғалысқа келтіру үшін барлық заттай элементтер мен қызметкерлердің арасындағы дұрыс сандық қатынастарды табу қажет. Бұл міндетті табиғи және өзге заттарды өңдеу мен дайын өнімдерді алудың тәсілдерін анықтай отырып, *технология* шешеді.

Өндірістің аталған факторларының барлығы да уақыттың әрбір мезгілінде тұтынысқа қатысты өзінің шектеулігімен көзге түседі. Бұл әсіресе ХХ ғасырда тұтыныс деңгейінің шектен тыс өсуінен байқалады және соған сәйкес қоғамның өндірістік потенциалын неғұрлым тиімді пайдалану мәселесі, яғни ресурстарды мейлінше аз және рационалды жұмсай отырып, тұтынысты өтеудің неғұрлым жоғары деңгейіне жету мәселесі алдыңғы орынға көтерілді.

Алайда дәстүрлі экономикалық теорияда айтылатын осы үш фактор ғана өндірісті толыққанды жүзеге асырмайды. Ол үшін төртінші фактор – *кәсіпкерлік* қажет. Кәсіпкер дегеніміз – бұл фирманы ұйымдастыру мен басқарудағы жауапкершілік пен тәуекелді өз мойнына алған адам немесе адамдар тобы. Кәсіпкерліктің қазіргі экономикадағы орны мен рөлін талдамас бұрын, алдымен оның даму эволюциясы мен теориялық негіздеріне тоқтала кетейік.

Жалпы экономикалық теорияның ғылым ретінде қалыптаса бастауы ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда жаңа капиталистік қатынастардың қоғамдық өмірге енген дәуірінде батысевропалық елдерде меркантилизм (итальянша *merkante* – саудагер, көпес), физиократтар (грекше *phisis* – табиғат, *kratos* – билік) мектептерінде, ағылшынның классикалық саяси экономикасында қалыптасқаны белгілі. *Саяси экономия* деген атауды алғаш рет француз меркантилисті Антуан де Монкретьен өзінің «Саяси экономия бойынша трактат» (1615ж.) деген еңбегінде саудадағы мемлекет мүддесін көздейтін шараларға қатысты қолданған болатын. Алайда экономикада сауда капиталы емес, өнеркәсіптік капитал үстемдік ете бастаған өндірістің индустриалдық сатысына көшу барысында меркантилизм классикалық (латынша *classicus*-үлгілі) саяси экономияға жол берді. Капиталистік экономиканы тереңінен зерттеп ұлттық байлықтың өсімі туралы өз ілімдерін қалыптастырған ағылшын саяси экономикасының көрнекті өкілдері қатарына Уильям Петти (1623-1687), Адам Смит (1723-1790) және Давид Рикардо (1772-1823) жатады.

Ал кәсіпкерлік (*entrepreneur*) туралы алғашқы теориялық концепция француз экономисті Ричард Кантильонның «Коммерцияның жаратылысы туралы жалпы очерк» еңбегінде кездеседі. Мұнда кәсіпкерлік тауарды өндіру мен өткізуде белгілі бір тәуекел мен жауапкершілікті өз мойнына алатын адам ретінде қарастырылды. Кантильонның пікірінше, кәсіпкерлердің басты ерекшелігі олардың тұрлаусыз жағдайларда жұмыс істеуі болып саналады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында физиократтар кәсіпкерлік ұғымының аясын кеңейте түсті. Мысалы, Николас Бауде шаруашылық жүргізуші субъектілердің әрекетінің жемісі олардың жаңашылдықтар мен менеджментке бейімділіктеріне байланысты деп санады. Ол еңбек өнімділігін ұлғайтуда ғылым мен технологияның маңыздылығын ескертіп, жаңа енгізілімдерді басқарудың қажеттілігін, сондай-ақ тәуекелдік деңгейін тек білім арқылы төмендетуге болатындығын дәлелді



түрде сипаттады. Сонымен қатар ол өндірісті ұйымдастыру өнері сияқты маңызды саланы игеруде мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін көрсете отырып, монополиямен күрес және салық жүйесіндегі тәртіп мәселесіне көңіл қояды.

Ағылшын экономисті Адам Смит өзінің «Халық байлығының табиғаты мен себептерін зерттеу» атты еңбегінде негізгі өндіріс факторлары қатарына жерді, еңбекті, капиталды жатқызғанымен [4], кәсіпкерліктің рөлі туралы ештеңе айтпайды. Бұл олқылықтың орнын 1810 жылы Жан Батист Сэй толтырды. Ол алғаш рет кәсіпкерліктің рөлі мен мәнін негізгі өндіріс факторларының бірі дәрежесіне дейін көтеріп, болашақта индустриалдық төңкеріспен қатар кәсіби менеджменттік төңкерістің де өмірге енетіндігін болжады. Сэйдің пікірінше, «өндіріс шеберлерінің бойында мынадай қасиеттер болуы қажет: төлемге қабілетті, тәртіпті, сақ, адал және тұрақты, капиталды тарта білу және несиені уақытында қайтара білу, әділеттілік, бизнесті жете меңгерушілік, табандылық, тауарды өндіру әдісі мен оның сұранысын нақты бағалай білу және т.б.» [4, 62-б.].

Кәсіпкерлер әрқашан алдына қойған мақсаттарды және экономикалық көрсеткіштерді қадағалай отырып, керекті қызметкерлерді, қажет материалдарды, оны сатып алушыларды таба білуі керек, сондай-ақ әкімшілік ету мен басқару шеберлігіне ие болуы қажет. Олар өнімді сатып алудан бұрын, оның бағасы мен құнын дұрыс есептей білулері тиіс. Демек, Жан Батист Сэй кәсіпкерді қарапайым шаруашылық жүргізуші адам емес, дарынды менеджер ретінде көрсетіп тұр.

Қазіргі замандағы кәсіпкерліктің атасы ретінде Йозеф Шумпетер жиі аталады. Шындығында өзінің еңбегінде [5] Шумпетер экономикалық дамудың негізгі қорғаушы факторларының бірі ретінде кәсіпкерліктің ерекше дербес рөлін атап көрсетеді. Ғылыми-техникалық прогресс саласындағы кейінгі практикалық зерттеулер жаңашылдықтарды енгізудегі кәсіпкерлік функциясының маңыздылығын көрсетіп берген Шумпетердің көрегенділігін толығымен дәлелдеді. Оның кәсіпкерлік пен жаңашылдық концепциясы экономиканың дамуына үлкен үлес қосатыны белгілі болғанымен, оның зерттеулері бірқатар объективті себептерге байланысты жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегіне дейін өзінің оңды жалғасын таппады.

Қазіргі кезеңде синергетикада, «креативті деструкцияның» шумпетерлік теориясынан математикалық негіз табуға ұмтылған зерттеулер көбеюде А. Қаңтарбаеваның [6], А. Мұстафиннің [7] және В. Радаевтың [8] еңбектерінде кәсіпкерліктің теориясына қатысты эволюциялық тәсілді пайдаланады.

Шумпетер бойынша кәсіпкерлік әрекет - бұл қызмет те, кәсіп те емес, тәуекелшіл бизнес арқылы жаңашылдықтарды рынокқа енгізудің сирек кездесетін ерекше қабілеті. Оның пікірінше кәсіпкер капиталист емес. Кәсіпкерлік әрекет өзінің мазмұны бойынша жаңашылдық болып саналғандықтан, ол экономикалық өсім мен экономиканы бәсекелестік тұрғыда қайта құрудың тұрақты бастауы болып саналады. Йозеф Шумпетер кәсіпкерлерді жай алыпсатарлар мен саудагерлерге, инвесторларға қарағанда әр түрлі бағдарлар мен әрекеттерді байланыстыру арқылы жаңа бизнес құратын элеуметтік-экономикалық жаңашылдар деп атайды. Ол кәсіпкерлік еңбектің ерекшелігі туралы ойын саралай келе, оның өндіріс құралдары мен әр түрлі материалдардың жай ғана жинақталуынан тұрмайтындығын, ол тауар мен жай ғана қызмет көрсетудің жаңа түрлерін, өндірістің жаңа әдісін, жаңа өткізу рыногын, жабдықтаудың жаңа көздерін және ұйымдастырудың жаңа түрін іздеп, енгізу арқылы оларды тиімді қолданудан тұратындығын атап көрсетті. Сонымен қатар ол өз еңбегімен осы уақытқа дейін теңдесі болмаған пайда табады және ол *кәсіпкерлік пайда* деп аталады.

Қазіргі заманғы теорияларда кәсіпкерліктің жеті концепциясы бөліп көрсетіледі:

- 1) Кәсіпкерліктің жеке тұлғалық қасиеттерді бағалау ұстанымындағы мектебі.
- 2) Кәсіпкерліктің психологиялық мектебі.
- 3) Кәсіпкерліктің классикалық мектебі.
- 4) Кәсіпкерліктің жетекші ұстанымындағы мектебі.
- 5) Кәсіпкерліктің ішкі мектебі.
- 6) Кәсіпкерліктің маркетингтік ұстанымындағы мектебі.
- 7) Кәсіпкерліктің менеджменттік ұстанымындағы мектебі.

Қазақстандық белгілі зерттеуші О. Сәбденнің еңбегінде осы мектептердің түсініктемелеріне сәйкес кәсіпорынның әрбір даму кезеңінде кәсіпкерлікке қажетті мінез-құлықтар мен қабілеттерге сипаттама берілген [2, 18-19 бб.] (кестені қараңыз).

## Кәсіпкерлік мектептердің негізгі концепциялары

Мектептің атауы	Негізгі концепция	Мінез-құлық және қабілет	Кәсіпорын сатысы
1. Жеке тұлғалық қасиеттерді бағалауды ұстанушы	Кәсіпкер табиғи қабілеттерге, сезімдегі б қабілетке ие ерекше тұлға	Сезім сергектік, жігерлік, қажырлық	Кәсіпорынды қалыптастыра бастау
2. Психологиялық мектеп	Кәсіпкерлер қызметін ынталандыратын ерекше қажеттіліктерге, көзқарастарға ие, жетістіктерге жетуге және тәуекелге бейім	Тәуекел қабілеттілік, жетістіктерге құштарлық, құндылықтар жүйесі	Кәсіпорынның қалыптасу бас-тамасы
3. Классикалық мектеп	Кәсіпкерлік үдерістің негізгі жаңартушылығын, табыскерлік мүмкіндіктерін іздестіру.	Жаңартпалық және іскерлік белсенділік	Кәсіпорынның қалыптасу бас-тамасы
4. Жетекшілік ұстанымдағы мектеп	Кәсіпкер – басқалардың қызметін басқаратын және ынталандыратын, басқаларды соңынан ертетін жетекші «адам жанының сәулетшісі»	Дәлелдеу, басқарушылық және жетекшілік	Өсу және жетілу сатысы
5. Кәсіпкерліктің ішкі мектебі	Кәсіпкерлік шеберлік ір ұйымдарда қызмет көрсету және өткізу нарығын кеңейту мақсатында тәуелсіз құрылым бірліктерін құруда пайдаланылуы мүмкін	Ашылған мүмкіндіктерді, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеттілігі	Жетілу сатысы
6. Маркетингтік ұстанымдағы мектеп	Кәсіпкерлік, өнімді бөлу және жаңартушылық бөлу және жаңартушылық процесті ұйымдастыру арқылы сұранысты қанағаттандыру және соңғы тұтынушылардың сұранысы мен қажеттіліктеріндегі өзгерістерді тоқтаусыз іздестіру процесі ретін де қарастырады	Маркетингтік талдау, нарықтық әлеуетті зерделеу	Өсу және жетілу сатысы
7. Менеджменттік ұстанымдағы мектеп	Кәсіпорынды кәсіби басқаратын адамдарды басқарудың барлық қызметтеріне үйретуге болады.	Өндірісті, еңбекті, қаржы қорларын басқару	Өсу және жетілу сатысы

Кестеде көрсетілгендей, әрбір мектептің кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік қызмет жайында өзіндік көзқарастары бар. Бір мектеп кәсіпкердің жеке тұлғалық қасиеттеріне баса назар аударса, екіншісі кәсіпкерлікті жаңа кәсіпорын құру мүмкіндіктерін табуымен байланыстырады, үшіншісі кәсіпкерлік әрекетті жетекшілік ету тәсілдері мен әдістерін үйрету арқылы жақсартуға болады деп санайды. Кейбірі маркетингтік ұстанымды қолдаса, келесілер менеджментке басымдылық береді. Бұл көзқарастардың қайсысы тиімді? Бұл сұрақтың нақты жауабы жоқ, себебі мектептердің әрқайсысы тұтастай алғанда кәсіпкерлік феноменін сипаттайтын бір ғана құбылыстың әртүрлі қырларын көрсетеді.

Сонымен кәсіпкерлік ұғымы өзінің пайда болған кезінен бастап бүгінге дейін осындай эволюциялық жолдан өтті. Енді кәсіпкерліктің түрлеріне, типтеріне, атқаратын функцияларына тоқталайық.

Кәсіпкерлікті өзінің *ауқымына* және әрекетінің *сипатына* қарай екіге жіктеуге болады. Ауқымына қарай, индивидуалды (жеке) кәсіпкерлік және ұжымдық (коллективтік) кәсіпкерлік деп бөлінеді. *Индивидуалды* кәсіпкерлік бір адамның немесе оның отбасының кез-келген жасампаздық әрекеті (сауда дүңгіршіктерін, аптекаларды, қызмет көрсету бекеттерін және т.б. ашу). Бұл жерде жауапкершілікті кім алатыны белгілі. *Ұжымдық* кәсіпкерлікте немесе ортақ үлесті меншікке негізделген фирмаларда тәуекелмен байланысты жауапты шешімдерді бірнеше адамдар (серіктестіктердің мүшелері, акционерлер) қабылдайды. Кәсіпкерлердің әртүрлі міндеттерін адамдардың әртүрлі топтары атқарады, мысалы басқару шешімдерін директорлар, менеджерлер қабылдайды.

Ал өзінің сипаты жағынан кәсіпкерлік әрекеттің бірнеше формалары болады. *Коммерциялық* емес кәсіпкерлік баю мақсатында өнімдерді сатумен байланыстырылмайды. Мұндай филантропиялық әрекетті әртүрлі қайырымдылық және мәдени-ағартушы ұйымдар жүргізеді. Мысалы, АҚШ отбасыларының 3/4-і, осы мақсаттарға жарна төлейді. 1980-жылдары бұл жарна әрбір отбасына шаққанда жылына, орташа есеппен, 790 долларды құрады. Олардың үлесіне қайырымдылық қорларының барлық құралдарының 90 % құраса, ал 5 %-ы корпорациялардан түсті [9, 206 б.].

*Коммерциялық* әрекет, немесе бизнес – кіріс әкелетін іс. Оның құрамына:

- *өндірістік емес* бизнес - кәсіби спорт, концерттік қызмет және т.б;

- *сауда* бизнесі – сауда кәсіпорындарында;

- *қызмет көрсету* саласындағы бизнес, мысалы туристік сервис, заңгерлік кеңес;

- *өндірістік* бизнес - өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, құрылыс және т.б. кәсіпорындардағы кіріс әкелетін әрекет кіреді.

Кәсіпкерлік кез-келген шаруашылық жүйесінде көрінеді. Ол мемлекеттік кәсіпорындарда да көрініс таба алады. Бірақ бұл жерде шаруашылық жетекшісінің бастамасы жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен инструкцияларының қатаң шеңберімен тұмшаланады.

Нарық (рынок) жағдайында кәсіпкерліктің мүлдем өзге типі ғана табыс әкеледі. Әрбір адамның өмірі үшін ауа қандай қажет болса, мұнда да кәсіпкер-бизнесмен үшін оның шаруашылық әрекетінің *еркіндігі* аса маңызды. Бұл өзіне тиесілі немесе жалға берілген мүлікті пайдалану еркіндігі. Бұл – қалай өндіру, ұсынушылар мен тұтынушыларды таңдау, бағаны белгілеу, салықтарды төлегеннен қалған пайданы жұмсау және өзге де өндірістік мәселелерді шешу еркіндігі.

Ешкімге бағынбайтын ұсақ кәсіпкер барлығынан да тәуелсіз, еркін деген пікір қалыптасқан. Алайда негізгі позициялар ірі кәсіпорындарға тиесілі қазіргі экономика жағдайында бұл бос қиял ғана. Танымал американдық ғалым Дж.Гэлбрейт былай деп жазады «... майда кәсіпкер қатаң еркіндіктің адамы ретінде дәріптеледі. Принципте де, тіршілік үшін кескілескен күрес практикасында да бұл тәуелсіздіктің шектеулі екендігі аңғарылмай қалады. Көбіне бұл еркіндік үйректер өлгенше шұқылап тастаған адамның еркіндігі» [10, 107- 108 бб.].

Қазіргі жағдайда дамыған елдерде кәсіпкерлік әрекеттің барлық түрлері біршама өсіп, кәсіпкерлік төңкеріс жүзеге асты. Бұл жетістік мемлекеттік кәсіпорындардың жекешелендірілуі әсерінен орын алды. Соңғы 20 жылда Жапонияда кәсіпкерлердің саны 2 есе, АҚШ-та 2,5 есе ұлғайды. Осыған орай қазіргі бизнесмендерді қалыптастыратын ұйымдардың торабы кеңейді (кәсіпкерлерді дайындайтын әртүрлі орталықтар мен мектептер, өндірісті ұйымдастыру мен технологияның, техниканың соңғы жетістіктерін мұқият үйрететін жаңашылдық парктар).

Кәсіпкерлік әрекеттің кеңеюі мен жетілуі бизнес ұйымдастырушылары атқаратын қызметтердің маңызының артуымен тікелей байланысты.

Әлемдік экономикалық әдебиетте кәсіпкердің үш функциясы бөліп көрсетіледі. Оның біріншісі - *ресурстық* функция. Кез-келген шаруашылық әрекет үшін объективті факторлар да (өндіріс құралдары), субъективті факторлар да (жеткілікті білімі мен шеберлігі бар қызметкерлер) қажет.

Екіншісі - *ұйымдастырушылық* функциясы. Оның мәні алға қойған мақсатқа жетудің дұрыс жолын табуға ықпал ететіндей өндіріс факторларын біріктіру және жинақтау.

Кәсіпкерлердің үшінші функциясы ұйымдастырушылық- шаруашылық жаңашылдықтармен байланыстағы *шығармашылық функциясы*. Бұл функцияның маңызы қазіргі ғылыми-техникалық прогресс пек бәсекелестіктің дамуы жағдайындағы бизнес үшін күрт өсті. Жаңашылдыққа (инновацияға, өндіріске жаңалық енгізуге) байланысты функциялардың өсуіне орай кәсіпкерлік үшін жаңа экономикалық климат қалыптасты. Техника мен технологияның жаңалықтарын енгізумен айналысатын венчур бизнесі немесе ғылыми-техникалық даярлықтар рыногы тез өсті. Кәсіпкерліктің ақпараттық инфраструктурасы жетілді - мемлекеттік органдарда пайдалы ақпараттарға қол жеткізу кеңейді, патенттік–лицензиялық қызмет бекіді, электронды-есептеуіш машиналардың көмегімен жинақталған банктік ақпараттық мәліметтердің торабы дамыды және т.б.

Қазірдің өзінде дамыған елдерде ХХІ ғасырдағы кәсіпкерліктің перспективалық бағыттары анықталып қойған. Мысалы, Жапонияда ақпараттық бизнеске басымдылық берілсе, Германияда, Ұлыбританияда және Францияда өнеркәсіптік технология басымдылыққа ие. АҚШ-да қызметкерлердің интеллектуалдық деңгейін, олардың білімі мен квалификациясын арттыру басты назарда, өйткені бизнестің технологиялық потенциалы осыған байланысты.

Біз кәсіпкерліктің экономикалық негіздеріне, түрлеріне типтері мен функцияларына, оның даму эволюциясы мен теориялық негіздеріне шолу жасадық. Енді экономика мен этиканың, кәсіпкерлік пен моральдың, нарық пен адамның құндылықтық бағдарларының арақатынасын қарастырамыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Габитов Т.Х., Жатқанбаев Е.Б. Этика бизнеса. – Алматы–Анкара: ИЕПА, 1997. - 150 с.  
[2] Сәбден О., Токсанова А. Шағын кәсіпкерлікті басқару. – Алматы: Білім, 2002. – 304 б.  
[3] Гегель Г.В. Феноменология духа // Сочинения. – М.-Л., 1935. – Т. 8. – С. 40-219.  
[4] Зомбарт В. Буржуа. Этюды по истории духовного развития современного экономического человека. – М.: Наука, 1994. – 443 с.  
[5] Шумпетер И. Теория экономического развития. – М.: Прогресс, 1982. – 455 с.  
[6] Кантарбаева А.К. Предпринимательство: институционально-эволюционный подход. – Алматы: Раритет, 2000. - 200 с.  
[7] Мустафин А.Т. Принципы самоорганизации в экономической эволюции. – Алматы, 1997. – 146 с.  
[8] Радаев В.В. Этническое предпринимательство: мировой опыт и Россия // Полис. – 1993. – №5. – С. 79-87.  
[9] Борисов С.Б. Экономическая теория: Учебник. – М.: Юрист, 2002. – 568 с.  
[10] Гэлбрейт Дж. К. Экономические теории и цели общества. – М., 1976. – 396 с.

#### REFERENCES

- [1] Gabitov T.Kh., Zhatkanbayev E.B. Business ethics. - Almaty - Ankara IEPA, 1997. - 150 p. (in Russ.).  
[2] Sabden O., Toksanova A. Small business management. - Almaty: Білім, 2002. – 304 p. (in Kaz.).  
[3] Hegel G.V. Phenomenology of Mind Works. - M. - L., 1935. - V.8. - p. 40-219. (in Russ.).  
[4] Sombart B. Bourgeois. Studies on the history of the spiritual development of the modern economic man. - M.: Nauka, 1994. - 443 p. (in Russ.).  
[5] Schumpeter I. The Theory of Economic razvitiya. - M.: Progress, 1982. -455 p. (in Russ.).  
[6] Kantarbaeva A.K. Entrepreneurship: the institutional-evolutionary approach. - Almaty: Rarity, 2000. - 200 p. (in Russ.).  
[7] Mustafin A.T. The principles of self-organization in the economic evolution. - Almaty, 1997. - 146 p. (in Russ.).  
[8] Radaev V.V. Ethnic Entrepreneurship: International Experience and Russia // Polis. - 1993. -№5. - p. 79-87. (in Russ.).  
[9] Borisov S.B. Economic theory: textbook. - M.: Lawyer, 2002. -568 p. (in Russ.).  
[10] Galbraith J.K. Economic theory and goals of society. - M., 1976. -396 p. (in Russ.).

### КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ПОНЯТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ

А. Т. Абдираманова

Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

**Ключевые слова:** постиндустриализм, предпринимательство, предпринимательская культура, производство, средний и малый бизнес, труд, хозяйство, экономическая культура.

**Аннотация.** Участвовавшие глобальные кризисы оказывают большое влияние на внутреннее положение отдельно взятых стран. Особую чувствительность к разного рода трансформациям проявляет экономическая сфера. Способность противостояния каждого государства к таким вызовам определяется его экономическим и финансовым потенциалом. Современные экономические потрясения охватывают не только финансовый, но и производственный сектор. Экономический дисбаланс приводит к социальной неустойчивости. С целью предотвращения таких последствий каждая страна, в том числе и Казахстан должен развивать средний и малый бизнес, сформировать свою собственную национальную предпринимательскую культуру. А это требует переосмысления некоторых культурологических аспектов предпринимательской культуры.

Поступила 10.02.2016 г.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 16.02.2016.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
12,0 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.